

Жетім балалардың және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтарын қорғау

Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексіне сәйкес қорғаншылық және қамқоршылық органы жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау бағытында жұмыс жүргізеді. ҚР «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексінің 121-бабына сәйкес, қорғаншылық және қамқоршылық органына баланың ата-анасының қамқорлығынсыз қалғаны немесе жетім қалғаны белгілі болған сәттен бастап бір ай ішінде кәмелетке толмаған балаға қорғаншылық немесе қамқоршылық тағайындалады. Жетім баланы немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы отбасына орналастыру кезінде (қорғаншылықты/қамқоршылықты рәсімдеу барысында) оның құқықтарының сақталуы қатаң бақылауда болады.

2025 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша ауданның қорғаншылық және қамқоршылық органында 25 бала есепте тұр, оның ішінде 14 бала – ата-анасының қамқорлығынсыз қалғандар, 11 бала – жетім балалар. Олардың ішінде:

- 21 бала – отбасылардағы қорғаншылықта;
- 1 бала – патронаттық тәрбиеде;
- 3 бала – Астрахан ауылындағы агротехникалық колледж директорының қамқорлығында.

Қорғаншылық органы мүдделі мекемелермен бірлесіп жылына екі рет аталған санаттағы балалардың тұрмыс жағдайына, материалдық қамтамасыз етілуіне және тәрбиесіне бақылау жүргізеді. Нәтижелері қамқорлықтағы балалардың жеке істеріндегі есептерге енгізіліп, міндетті түрде жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың республикалық деректер базасына тіркеледі.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тұрғын үй кезегіне қою жұмыстары тұрақты бақылауда. Аталған санаттағы балалардың 100%-ы тұрғын үй кезегіне қойылған. Ағымдағы жылдың 1 қазанындағы мәлімет бойынша тұрғын үй кезегінде осы санаттағы 180 адам тұр, оның ішінде 155-і – кәмелетке толғандар, 25-і – кәмелетке толмағандар.

Баланың отбасында өсіп, тәрбиелену құқығын қамтамасыз етудің тиімді тетіктерінің бірі – қорғаншылар мен қамқоршыларды материалдық қолдау. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы №383 қаулысына сәйкес қорғаншыларға (қамқоршыларға) жетім балаларды және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды асырауға жәрдемақы тағайындалады. Бұл жәрдемақы аталған санаттағы барлық балаларға тағайындалған.

Баланың отбасында тәрбиелену құқығын қорғау мәселесінде балалар құқықтарын қорғау мамандарының басты бағыттарының бірі – әлеуметтік қолайсыздықтың ерте кезеңінде отбасылармен профилактикалық жұмыс жүргізу. Мұндай жағдайларға тұрақты жұмыстың болмауы, құжаттардың жоқтығы, тұрғын үйдің болмауы, алкогольді шамадан тыс пайдалану, толық емес немесе аз қамтылған отбасы, ата-аналардың еңбекке жарамсыздығы жатады. Негізгі мақсат – мүмкіндігінше баланы туған отбасында сақтау. Сонымен қатар балалар ата-анасының қамқорлығынан әлі айырылмағанымен, тәрбиесі мен біліміне жеткілікті көңіл бөлінбейтін, ата-анасының теріс әрекеті балаларға зиян келтіретін отбасылармен де жұмыс жүргізіледі. Мұндай ата-аналар тұрақты бақылауда болады.

Мәселен, 2024 жылы 9 балаға қатысты 3 ата-ана ата-ана құқықтарынан айырылды. Ал 2025 жылы 4 балаға қатысты 2 ата-ана ата-ана құқықтарынан айырылған.

Бала үшін туған отбасының орнын ешнәрсе баса алмайды. Тіпті балалар үйіндегі мейірімді тәрбиешілердің өзі бөтен адамдар болып қала береді. Сондықтан қорғаншылық және қамқоршылық органы балалар үйлеріндегі балаларды асырап алуды насихаттау жұмыстарын тұрақты түрде жүргізеді. Бұқаралық ақпарат құралдарында жетім балаларды және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды отбасылық және патронаттық тәрбиеге орналастыру мәселелері жарияланып отырады. Атап айтқанда, «Маяк» аудандық газетінде «Отбасы – басты құндылық», «Қабылдаушы отбасы», «Қорғаншылықты рәсімдеу», «Мұстафиндер отбасындағы патронаттық тәрбие» және басқа да мақалалар жарық көрді.

Балалар үйлеріндегі балаларды отбасыларға орналастыру жұмысы аясында қорғаншылық және қамқоршылық органы асырап алушы, қорғаншы немесе қабылдаушы ата-ана болуға ниетті азаматтарды іздестіру және іріктеу жұмыстарын жүргізеді. Сонымен қатар оларды қабылдаушы ата-аналар мектебінде оқуға жібереді, бала таңдау және оның отбасына бейімделуі бойынша әдістемелік, заңдық және психологиялық көмек көрсетеді. Бала асырап алынған жағдайда қорғаншылық органы оның тағдырын бақылап, бала 18 жасқа толғанға дейін жылына бір рет асырап алушылардан баланың тұрмыс жағдайы, оқуы, тәрбиесі және денсаулығы туралы есеп сұратады.